

Қостанай облысы Қамысты ауданы Ливановка ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 410 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 6173 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 307 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 11.03.2020 № 307 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 - бабы 6 - тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Қамысты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Қамысты ауданы Ливановка ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Қамысты ауданы Ливановка ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Ливановқабаев

Қамысты аудандық

мәслихатының хатшысы

Б. Рахимжанов

Мәслихаттың  
2015 жылғы 22 желтоқсандағы  
№ 410 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Қамысты ауданы Ливановка  
ауылның бөлек жергілікті қоғамдастық  
жындарын өткізу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Қамысты ауданы Ливановка ауылның (бұдан әрі – Ливановка ауылы) бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заны 39-3 - бабының 6 - тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес өзірленді және Ливановка ауылы тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Ливановка ауылның аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жындары (бұдан әрі – бөлек жын) жергілікті қоғамдастықтың жынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі

**2. Бөлек жындарды  
өткізу тәртіби**

3. Бөлек жынды Ливановка ауылның әкімі шақырады.

Қамысты ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ливановка ауылы шегінде бөлек жынды өткізуді Ливановка ауылның әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жынды ашудың алдында Ливановка ауылның тұрғындары қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жынды Ливановка ауылның әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ливановка ауылның әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ливановка ауылының тұрғындары өкілдерінің кандитаруларын Қамысты аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ливановка ауылының тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Ливановка ауылы әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың  
2015 жылғы 22 желтоқсандағы  
№ 410 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Қамысты ауданы  
Ливановка ауылының жергілікті қоғамдастық  
жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары  
өкілдерінің сандық құрамы**

№	Елді мекеннің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
1	Ливановка ауылы	15